

**"Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 16 қыркүйектегі N 260-ө  
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 20 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Тізбеге сәйкес:

1) "Кеден органының лауазымды адамы қызметтік міндеттерін орындауына байланысты өзінің кәсіби қызметімен одан әрі айналысуға мүмкіндік бермейтіндей болып мертіккен не денсаулығына өзге де зақым келген жағдайда біржолғы өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынсын;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2005 жылғы 16 қыркүйектегі  
N 260-ө өкімімен

бекітілген

**"Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі**

Р/с N	Нормативтік кесімнің атауы	құқықтық	Кесімнің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5	
	Кеден лауазымды қызметтік орындауына өзінің кәсіби қызметімен мүмкіндік	органының адамы міндеттерін байланысты одан әрі айналысуға	Қазақстан Республикасы		

1	бермейтіндей болып мертіккен не денсаулығы- на өзге де зақым келген жағдайда біржолғы өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы	Үкіметінің қаулысы	Қаржымині*	2005 жылғы қыркүйек
2	Декларанттардың сарапшылар тарту ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	Қаржымині	2005 жылғы қыркүйек
3	Кеден органының тауарларды жіктеу жөнінде шешім қабылдау ережесі мен оның нысанын бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	Қаржымині	2005 жылғы қыркүйек
4	Кері қайтарып алынған жүк кедендік декларация- сының күшін жою ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	Қаржымині	2005 жылғы қыркүйек
5	"Кеден органдарының Қазақстан Республикасы- ның мемлекеттік шекарасында радиациялық бақылау жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің төрағасы міндетін атқарушының 2004 жылғы 27 қыркүйектегі N 400 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	Қаржымині	2005 жылғы қыркүйек
6	"Тауарларды кедендік бақылаумен өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 12 мамырдағы N 197 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	Қаржымині	2005 жылғы қыркүйек
7	"Кедендік төлемдерді, салықтарды және өсімпұлдарды мемлекеттік бюджетке аударудың және артық төленген кедендік төлемдерді, салықтарды және өсімпұлдарды есепке алу мен мемлекеттік бюджеттен қайтарып алудың	Уәкілетті органның бұйрығы	Қаржымині	

	ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 27 мамырдағы N 247 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы			2005 жылғы қыркүйек
8	"Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге катысушыларды тексеру туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 17 мамырдағы N 213 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	Қаржымині	2005 жылғы қыркүйек
9	"Уақытша кедендік декларацияны толтыру және уақытша декларация- лау рәсімдерін пайдалана отырып кедендік ресімдеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 218 бұйрығына өзгеріс- тер мен толықтырулар енгізу туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	Қаржымині	2005 жылғы қыркүйек

\* Шартты белгілер мен қысқартулар:  
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі.